

"Спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрінің 2017 жылғы 1 қантардағы № 1 және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 17 қантардағы № 9 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 582 және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 183 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 28 маусымда № 18917 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрінің 2017 жылғы 1 қантардағы № 1 және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 17 қантардағы № 9 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14845 болып тіркелген, 2017 жылғы 10 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықта:

8-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) ішкі істер органдарына қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде көмек көрсету мүмкіндігі бөлігінде тексеруді ұйымдастырады.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. ПО қызметкерлері жеке күзет ұйымдарының жұмыскерлерімен, ерікті адамдармен, бақылаушылармен, ұйымдастырушылармен бірлесіп мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) көрмендердің ұйымдастырылып кіруі;
- 2) көрмендерді трибуналарда, залда, секторларда орналастыру;
- 3) билеттері және рүқсат қағаздары жоқ азаматтардың, сондай-ақ масаң күйдегі адамдардың кіруіне тыйым салу;
- 4) техникалық құралдарды және қызметтік-іздестіру иттерін пайдаланумен тыйым салынған заттарды (спирттік ішімдіктер, жарылғыш заттар, қару-жарап, шыны

ыдыстағы сусындарды және т.б.) өткізу мәніне жеке тұлғаларды, олардың заттарын, көлік құралдарын және өткізілетін жүктерді жеке тексеру;

5) құрылыс аумағында спирттік, сондай-ақ металл және шыны ыдыста салқыннататын сусындарды, пиротехника бұйымдарын және пайдалануы адамдардың өміріне және денсаулығына қауіп төндіруі немесе жеке және заңды тұлғаларға материалдық зиян келтіруі мүмкін өзге заттарды сату фактілерінің алдын алу бойынша шаралар қабылданады.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Көп азаматтардың қатысуымен бұқаралық іс-шаралар өткізу кезінде ЖАО ПО-мен бірлесіп, жақын аумакта кептеліске (автомобиль кептелісі) және көлік құралдарының жиналудына жол бермеу мақсатында бұқаралық іс-шара өткізу аумағында қозғалысты шектейді, көрермендерді арнайы автобустармен жөнелту пункттерінің жұмысын ұйымдастырады және оларға патрульдік автомашиналардың ілесіп жүруін қамтамасыз етеді.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Бұқаралық іс-шара аяқталғаннан кейін участенің аға қызметшілері және жасақшалар жеке күзет ұйымдарының жұмыскерлерімен, ерікті адамдармен, бақылаушылармен, ұйымдастырушылармен бірлесіп азаматтардың жиналудына, итеруіне, құлаудына және олардың арасында үрейдің пайда болудына жол бермей, олардың баспалдақпен біркелкі және кезек-кезекпен қозғалысы үшін бір уақытта негізгі шығатын жерге аппаратын кіреберісте қауіпсіз жерде адамдар тобын ұстап тұрып, көрермендердің еркін қозғалысын қамтамасыз ете отырып, олардың спорттық, мәдени және өзге құрылыстан шығуын ұйымдастырады.";

23-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

2) бұқаралық іс-шараға қатысуышыларды, ПО қызметкерлерін (қонақтар командаларының жанкуйерлері, сондай-ақ едәуір белсенді жанкуйерлер топтары орналасатын трибуналарының жанында), қызмет көрсететін персоналды орналастыруға арналған жерлердің, жалпы пайдалану жерлерінің, ареналар мен аумақтың бар болудын, тиісті ұстауды және жабдықталудын, өрт сөндіру құралдарының дайындығын;";

мынадай мазмұндағы 24-тармақпен толықтырылсын:

"24. Бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушылар көрермендердің және (немесе) қатысуышылардың спорттық алаңға (манежге) кенеттен шығуына жол бермеу үшін жеке күзет ұйымдарының жұмыскерлерін, еріктілерді және бақылаушыларды жұмылдырған жағдайда оларды спорт алаңының периметрі (манежі) бойынша (спорт алаңына арқасымен тұрады) қоюды қамтамасыз етеді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулыққа қосымшада:

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қоғамдық тәртіп (қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуде полиция қызметкерлеріне көмек көрсету үшін жұмылдырылатын жеке күзет ұйымдары жұмыскерлерінің, еріктілердің және бақылаушылардың саны (оларды жұмылдырған жағдайда) _____".

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті белгіленген тәртіpte:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі*